



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№151
(20027)



8 қазан, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ҚЫС ҚАМЫ

ЕҢБЕК

Ж.ҚИЗАТОВ – 100

ТАБИҒАТ

2 Жауапты маусымға дайындық пысықталды

3 Марапат биігінде – волонтерлар

4 Қызылжарда өсіп, Қызылордада өркен жайған

4 Қаз қанатын жамылған қазан айы

● ПРЕЗИДЕНТ

ЕКІНШІ КЕЗЕҢГЕ ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирус індетінің екінші кезеңіне дайындық жөнінде кеңес өткізді. Қазақстан Президенті өз сөзінде көптеген елде эпидемиологиялық ахуалдың нашарлағанын атап өтіп, осыған байланысты ахуал ұшыққан жағдайда оған мемлекеттік органдардың дайын болуы қажет екенін айтты.

Президент бүкіл әлемде зертханалар желісінің кеңейгеніне және тестілеу бағасының төмендегеніне қарамастан, елімізде оның құны қымбат, яғни 10 мыңнан 18 мың теңгеге дейін екенін, бетперделердің бағасы әлі де шарықтап тұрғанын айтты. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне бағалардың сәйкестігіне талдау жасап, зертханалық қызметтер мен жеке қорғаныш құралдарының бағаларына мониторинг жүргізуді тапсырды.

Президент ел тұрғындарының жаз маусымында дәрі-дәрмек тапшылығын көргенін, тапсырма берілген соң ғана тиісті шаралар қабылданғанын атап өтті. Пандемияның екінші толқыны болған жағдайда негізгі салмақ тағы да медицина қызметкерлеріне түсетініне назар аударып, үстемалы және сақтандыру төлемдерін алудығы бюрократиялық кедергілерді жоюды тапсырды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде басқа да ауру түрлері бойынша тиісті медициналық көмек көрсетуді маңыздылығын атап өтті. Президент ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша жағдайдың нашарлағанына арнайы тоқталды. Сонымен қатар кеңесте басқа да мәселелер қарастырылды. Президент халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін қызметтердің үздіксіз жұмыс істеуінің маңыздылығын атап өтті. Мемлекет басшысының пікірінше, азық-түлік қауіпсіздігі мен әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағаларына қатысты мәселелер ерекше назар аударуды қажет етеді.

● ПАРЛАМЕНТ

ЗАҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Мәжіліс Спикері Нұрлан Нығматуллиннің төрағалығымен Палатаның жалпы отырысы өтті. Онда депутаттар бастамасымен әзірленген электр энергетикасына қатысты заң жобасы мақұлданды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында жаңа маневрлік қуаттарды салу үшін жағдайлар жасау көзделді.

Сондай-ақ, тасқындық электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу-сату тетігін ендіру, жаңартылатын энергия көздерін қолдауға өтпелі тариф белгілеу мен қаржы-есеп айырысу орталығының ЖЭК объектілерінен электр энергиясын сатып алу мерзімін ұлғайтуды қарастырады. Осыған байланысты, заң жобасында «Электр энергетикасы туралы» және «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген. Депутаттар – жұмыс тобының мүшелері құжатты талқылау барысында «Электр энергетикасы туралы» заңның ұғымдық аппаратына бірқатар толықтырулар енгізді.

ЖӘРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

2020 жылғы 10 қазан күні Сырдария және Шиелі ауданы әкімдіктерінің ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі төменде көрсетілген орындарда өткізіледі. Басталуы сағат 09.00.

Сырдария ауданы – Жанқожа батыр көшесінің бойы (Реалбаза алды)
Шиелі ауданы – Тасбөгет кенті (Орталық аланы).



Абай Құнанбайұлы тұлғасы да – сондай аралық кезеңнің жемісі. Ескінің соңы мен жаңаның басын жалғанан алтын көпір. Ол өмір сүрген тұста казак қоғамы бұрынғы хандық басқару жүйесінен біржолата қол үзіп, «өз қолынан өз ыркы кеткен» алды бұлынғыр уақытқа тап болды; көшпенділік салттары дағдарысқа ұшырап, отырықшылық өркениет белгілері ентелеп ене басталды; баһадүр аламандықтың беті қайтып, заманауи білімге бет бұратын кез туып келе жатты.

Ұлы ақын, дана ойшыл Абай XIX және XX ғасырлар тоғысындағы Ағартушылық немесе Ояну дәуірінің көшбасшысына, елдің болашақ бағдарын айқындап берген рухани темірқазығына айналды. Үлкен білімпаз Құдайберген Жұбанов Еуропа руханиятымен салыстыра айтқандай, Абай – «өз ортасының Данте сияқты адамы», яғни халықтың дәстүрлі сөз өнерін, таным жүйесін, мінез бітімін түбірімен жаңаша түлеткен санаткер. Орыстар үшін Александр Пушкин, ағылшындар үшін Уильям Шекспир, немістер үшін Иоганн Гете, америкалықтар үшін Уолт Уитмен қандай болса, қазақстандықтар үшін Абай да – сондай рухани ұлы тұлға.

Мызғымастай көрінген Кеңес империясы құлап, тәуелсіз жас мемлекеттің негізін қалау миссиясы маған бұйырғанда, тарихтың «соқтықпалы, соқпақсыз» күрт айнымалы сәтінде хакім Абайдың өсиетіне жүгініп, еліміздің болашағына жаңаша көзқараспен қарағаным хақ.

Байқауымша, ұлылықты ұғыну бір бөлек те, онымен табысу және тоғысу, яғни түпсіз тереңіне бойлап, жеке болмысыңа жарату – өз алдына қиырық қатпар қыбылсы.

Осыған орай «Менің Абайды тануым әуелде неден басталды?» деген сауалға ден қойғанда, әлбетте ұлы ақынның сөздері бесік тербеген әлдімен бірге құлаққа сіңді десем,

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы

Абай аманаты

Адамзат өркениетінің тарихы сан мәрте дәлелдегендей, ұлы тұлғалар көбіне көненің күйреп, жаңаның бой көтеріп, қоғамның бір сападан екінші сапаға ауысар дәуірінде дүниеге келеді. Жаратушы өз мейірі түскен ерекше жанның бойына нұрлы сипат дарытып, замананың сан алуан факторлары оның қайталанбас дара болмысын сомдайды.

асыра айтқандық бола қоймас. Рас, өлең сөзге жүйрік, ел әдебиетіне қанық әжем Мырза-бала мен анам Әлжан кішкентай күнімде тіні үзілмеген дәстүрлі тәрбие аясында халқымыздың ертегі, аңыз, қиссаларын жадыма барынша сіңірді. Бұл Абай әлеміне апаратын жолдың бастауы болатын.

Ал келешегіме байек боп жүрген қайран шешем мені тоғызыншы сынып бітірген соң Қаскеленге өз қолымен жетектеп апарып, Абай атындағы қазақ орта мектебінің табалдырығынан аттатқанда, алдымнан мүлде басқа әлемнің есігі ашылды. Ұлы ақынның есімін иеленген оқу ордасының шәкірті болудың өзі бір жағынан мақтаныш, екінші жағынан жауапкершілік екенін ұқтым. Әрине, біз Абайдың мектеп жасына лайықталған оқу, ғылым, адамгершілік, табиғат тақырыбындағы хрестоматиялық өлеңдерін жұрт қатарлы жатқа айтатынбыз. Әсіресе өз заманның философиялық астарға толы «Ескендір» поэмасын қайта-қайта құмарта оқығаным есімде. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ғаббас Бейсенбетовке түсінбеген жерлеріме қатысты тосын сұрақтар қойып, сонынан қалмайтынмын. Бұл ынтызарлық менің көне грек әлеміне, оның билік пен даналық жүйесіне балалық қиялмен сапар шегіп, ойымның өрісі кеңеюіне едәуір септігін тигізді.

Дана Абайдың «талапты ерге нұр жауар» деген қағидасын басшылыққа алып, 1958 жылы мектепті бітірген бойда тәуекелге бел байлап, Арқа төсіне аттандым. Ар жағы Украинаның Днепродзержинск қаласы... Бұл менің тағдырымдағы бетбұрысты сәттердің бірі болғаны анық. «Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел» демеп пе еді жарықтық Абай даладағы қой соңында жүрген қазақ баласына. Ондағысы «алыс-жақын демей, баратын жеріңе барып, маңдай тер, табан ақын арқылы кәсіп үйрен, нәпақанды жи» дегені

ғой. Біз қаршадайымызда еңбеккер болып өстік. Қатарластар бәріміз әке-шешелерімізге қолғабыс етіп, бірге еңбекке араласып, шөп шауып, мал жайлап, отын жарып, жеміс өсіріп, бақша салып, жылдың төрт мезгілінде үзілмей кезектесе келіп отыратын шаруаны атқарысып, қара жұмысқа әбден төселдік. Кейін туған жерден шалғайдағы Теміртауда, «Қарметкомбинаттағы» от-жалында балқыған болатын ортасында құрыштай шыңдалдық.

Кейде біздің буын өмір бойына ұлы Абай мектебінен, яғни тұлғаманың мұхиттай шалқар ой қазынасынан толассыз білім алып келе жатқандай көрінеді.

...Тарих талқысы қызық. Абайға дейінгі заманға зер салсақ, ат жалын тартып мінген қилы замандарда өмір сүрген жыраулардың арқа сүйеген, сөз арнаған елзұтқасы болыпты. Өріде Тонькөктің кеменгер Білге қағаны, беріде құтты қоныс іздеген Асан қайғының Жәнібек ханы, мұнан соң көмекей әулие Бұқардың Абылай ханы, бұдан соң көмекей арасындағы қарым-қатынас ұлт тарихында Ұлы даланың әсем жарастығының айғағындай із қалдырыпты.

Ал Абайдың маңдай тіреп, ой бөлісетін, назын айтатын алдияр ханы болған жоқ. Өйткені өктемдігіне орнатқан империя реформаларының нәтижесінде Шыңғыс тұқымы екі тізгін, бір шылбырдан толығымен айырылды. Ал тіпті ақыр соңында қазақ үшін биліктің ең зоры, әрі кетсе, болыстық, ауылнайлық немесе ресми кенесдегі тілмаштық қана болып қалды. Сондықтан жаны күйзелген дана Абай салмақты сөзінің бір бөлігін «қалың ел, қайран жұрты – қазағына» бағыштаса, қалған уақытта «моласпайдай бақсының, жалғыз қалдым тап шыным» деген сарында өзімнен өзі мұңдасты. Ата-тегіңде ел басқару үрдісі бар,

әкесі Құнанбайдың аға сұлтандығын былай қойғанда, өзі де бірнеше рет болыстық қызмет атқарған Абай билік жүйесінің мән-мазмұнын «Көп шуылдақ не табар. Жалмесе бір кемел», «Единица болмаса, Не болады өңкей нөл» деген концептуалдық пайымға сыйғызды.

Дауылпаз жыраулардың соңғы тұяғы, «Халық – менің шын атым» деп тұтас ғасырдың жүгін арқаалаған Жамбыл Жабаев «Абайдың суретіне» атты өлеңінде өзінен бір жас үлкен рухтас ағасының ішкі дүниесіне бойлай отырып:

Терең ойдың түбінде теңіз бар,
Тесіле көп қарасаң, көңіл ұғар.
Сол тереңге сүйсініп жан үңілмей,
Есіл сабаз ызамен өткен шығар!... – деп Абай трагедиясының шет-пұшағынан хабарлар етеді.

Мәселе сол әр қазақтың Абайдың «тереңіне сүйсініп, үніле білуінде» жатқан жоқ па?!

Абай заманында толық бодандыққа душар болған қазақ жері бұтарланған, бөлшектелген. Қармайтын тал қалмай, ел тұңғышқа сүнгенін. Кезінде төрткүл дүние тарабын тоғыстырып, Алаш жұртының айыбын асыраған, мәңгілік ұйытқысына айналған кіндік шаһар – Түркістан өз мәртебесін жоғалтқанына біраз уақыт өткен. Шын мәнінде, Абайдың иек артып, тәу етіп баратын астанасы да жоқ еді. Елдікті аңсаған, бірлікті көксеген данышпан үшін мұнан артық қасірет табылмас. Бүгінгі күні әлемді аузына қаратқан салтанатты елордасы бар егемен мемлекетке өмір сүріп жатқан оның жасампаз ұрпағы мұндай ұлттық шексіз құндылықтың қадірін біліп, маңызын түсінуге тиіс. Абайдың осы арманының орындалғанына, Есідің жағасында еңселі байтақ қаланың ірге теуіп, бой көтеріуі мұрындық болғаныма мың да бір шүкіршілік етемін.

2-бет

БАСПАНАЛЫ БОЛУ – БІР БАҚЫТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «Азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты, ең алдымен, баспана мәселесіне тікелей байланысты» дегені белгілі. Соған орай нарық жағдайында тұрғын үйдің қолжетімділігі адамдардың табысына және осы міндетті өздігінен шеше алу қабілетіне орай жүзеге асырылатынын атап өткен болатын.

СЫДЫР ТӨЖІТІЛІ,
«Сыр бойы»

Иә, баспананың адам өміріндегі маңызы туралы айтып жатудың өзі артық. Алайда, қай кезеңде, қандай қоғамда болмасын оған қол жеткізу көпшілік үшін оңай соқпайды. Сондықтан да Қазақстан Республикасы өз азаматтарының баспаналы болуы үшін мүмкін болар барлық жағдайды қарастырып келеді.

Бұл ретте Қызылорда облысында соңғы жылдары қарқынды жүрген тұрғын үй құрылысы биыл да сол деңгейден түспегенін атап өту керек. Облыс бойынша «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде

барлығы 21 млрд теңге бөлінсе, оның ішінде тұрғын үй құрылысына жұмсалатыны 16,2 млрд теңге. Облыстық құрылыс, суару және қала құрылысы басқармасының мамандары берген мәлімет бойынша биыл облыста «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1406 пәтерді құрайтын 87 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде, 815 пәтерлі 20 сатып алу құқығынсыз жалға берілетін, 215 пәтерлі 57 кредиттік тұрғын үйлер бар. Ал 376 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысы жеке компаниялар есебіне кіреді.

3-бет



ПРАЙМЕРИЗ ЖАҢА ЛИДЕРЛЕРГЕ ЖОЛ АШТЫ



«Nur Otan» партиясының праймеризінде қызылордалықтардың 90,1 проценті дауыс берді. Бұл туралы праймериз қатысушыларымен кездесуде облыс әкімі, партияның облыстық филиалының төрағасы Гүлшара Әбдіқалықова мәлімдеді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Оның басым бөлігі онлайн форматта таңдау жасады. Дауыс беру кезеңіне тіркелген 501 кандидаттың 485-і жетті. Үміткерлердің 32 проценті – әйелдер, 28 проценті – жастар.

Мемлекет тарихында дамыған елдер тәжірибесі негізінде бірінші рет ұйымдастырылған саяси дода жастардың мол тәжірибе жинауына көмектесіп, көшбасшылық қабілетке не екенін көрсетті. Сондықтан праймеризде көздеген мақсатына жете алмаған үміткерлердің әлеуеті әлі де керек. Осы орайда оларды партиялық кадр резервіне енгізу арқылы әртүрлі кеңес, комиссия жұмысына қатыстыру көзделіп отыр.

Үгіт-насихат жұмысы кезінде 85 дебат, 2 мыңға жуық кездесу өтіп,

мыңнан астам ұсыныс топтастырылды.

– Үгіт шаралары заманауи форматта ұйымдастырылып, үміткерлер жақсы үлгі көрсете білді. Өздеріңізді жан-жақты көрсетіп, еліміз бен өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық көрсеткішін арттыру бағытында көптеген мәселелер көтеріп, оларды шешу жолдарын ұсындыңыздар. Дауыс беру барысы жеңіл және түсінікті түрде ойландырылған. Бұл праймериздің ашық өтуіне үлкен септігін тигізді. Онлайн дауыс берудің алғаш рет өтуіне қарамастан, жерлестеріміз белсенділік танытты, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы атап өткендей, праймериз шараларының басым бөлігінің онлайн түрде өтуі арқасында

сайлаушылар кандидаттардың бағдарламаларымен кеңірек таныса алды. Көпшілік дебаттарды әлеуметтік желілер арқылы тамашалады.

– Жаңа лидерлердің қалыптасуына жол ашқан праймериз – халықаралық тәжірибеде партияның белсенді мүшелері мен көшбасшыларын айқындайтын тиімді тетік екені белгілі. Осы орайда Елбасы, Партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бұл туралы «Праймериздің міндеті – халықтық партиялық тізім қалыптастыру» деп атап өткен болатын, – деді облыс әкімі.

Жиын барысында саяси аламан қатысушыларын құттықтаған аймақ басшысы оларға алғыс ақ табыстайды.

– Партияшілік іріктеуде ел экономикасының күретауыры саналатын теміржол саласының маманы ретінде бақ сынадым. Нәтиже жаман емес. Осындай сәтте дауыс беріп, қолдау көрсеткен жақтастарыма алғыс білдіремін, – деді Арал ауданындағы Сексеуіл локомотив пайдалану депосы бастығының орынбасары Еркебұлан Аяғанов.

Абай аманаты

Тәуелсіздікті жарияламас бұрын елімізде жаһандық деңгейдегі аса маңызды шешім қабылданды. Ол – Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы Жарлық.

Қараңғы түнде тау қалғып, Үйқыға кетер балбырап, Даланы жым-жырт дел-сал ғып, Түн басады салбырап. Шаң шығармас жол-дағы, Сілкіне алмас жапырақ. Тыншығарсың сен-дағы, Сабыр қылсаң азырақ, – деген жолдар арқылы Абайдың Гетемен және Лермонтовпен сөз жарыстыра отырып бейнелеген туған топтырағын 40 жыл бойы сұрапыл жарылыстар арқылы астан-кестен етіп, жалпай зобалана ұшыратқан таяжалдың үні солай өшті. Сонда халқымыз бейбіт тұрмысын, жеке елдің қалпын ұлықтаған дананың рухы қайта байыздаған шығар деймін.

Жана мемлекеттіліктің негізін қалау барысында көкейімде «Өз елімді ұшпаққа қалай шығарамын? Өлемін ең алдыңғы қатарлы жұрттарының қатарына қалай қосамын?» деген са-алдар менің ойымды оңға бөліп, са-намды сан саққа жүгіртіп келеді.

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...». Бұл – Абайдың мәңгі жай-сайтын қағидасы. Мұның арасында үлгісін мен қаршалаймынан көзбен көріп өстім. Шамадан ауылында зұлмат заманның тауқыметін тартып, сонау жер түбінен еріксіз қоныс аула-рып келген түрлі ұлт өкілдері жапсар-ласа күн кешіп, қоян-қолтық араласа өмір сүрді. Олардың арасында мес-хет түріктері, чешендер, ингуштар, украиндар, немістер, қарашайлар бар еді. Біз өзіміз құралпы басқа жұрт балаларын еш жақтырмай, бір үйің баласындай, бір қолдың сапа-сындай сезініп, құлын-тайдай төбесе жүріп жетілдік. Ал әкем Әбіш бол-са, түріне қарасаң, таулық, тіліне қарасаң, қазақшадан айырмасы шама-лы бір малқар (ол кезде балқар деуші еді) отбасын үйімізге әкеп панала-тып, жұмысқа орналастырды. Ішкен асымыз, жасаған тірлігіміз, көрген қызығымыз, шеккен қиындығымыз ортақ болғандықтан, тез арада туысып кеттік. Осындай ортада өскендіктен, адамзат баласын алааламайтын мінез бойша ерте баласын-ау деймін.

Өлем тарихына үңілсең, ру мен ру, тайпа мен тайпа, одан әрі ұлт пен ұлт, содан соң мемлекет пен мемлекет арасындағы ірілі-ұсақты кикілжіңнің көбінін ар жағында Адам Ата мен Хауа Анадан тараған жұмыр басты, екі аяқты пенделердің бірін-бірі тегіне, түріне, тіліне, яғни нәсіліне қарап жатырқауы жасыры-нып жататын кездер жиі ұшырасады. Дініне қарай бөліну індеті де сұмдық зардаптарға ұрындырған. Абай айтқан осындай «алты бақан алауыздықтың» салдарынан талай жұрт өзара жарқыса жүріп, жер бетінен біржола жойылып кеткені мәлім. Кеңес Одағы ыдырауының барысында және тәуелсіздігіміздің елең-аланында өз ішімізде неше түрлі іріткі салғыш, ірге бөлгіш пиғылдар оянып, сын сағаты туған кезде ел тізгінін ұстай отырып, тарихи тұрғыдан қалыптасқан көпжөңділік пен көпқонфессиялық жағдайын бірінші кезекте ескеру қажеттігін аңғардым. Бір жағынан сепаратистік әрекеттер бой көтергені байқалса, екінші жағынан ұлтшылдық дабыл қаққан аласапыран кезеңдерді бастан өткеруге тура келді. Сондай күрделі

ахуалда түсіністіктен татулыққа, ымырадан ынтымаққа қол жеткізу арқылы ғана тұтастығымызды сақ-тадық. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді екен дана бабаларымыз. Қазір айтуға оңай, сол уақытта біз «қайтсек, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарамыз» деп арпалыса жүріп, елдігіміздің шаңырағын шайқалтпай ұстап қалдық. Тұрмыс тапшылығын да бір тайказаннан ас ішкендей бір-ге еңсердік. Ол қазақтың кең қолтық, ақ жүрек мейірбандығының және Алтай мен Атырау арасын сол қазақ-пен араласа жайлаған өзге ұлттардың Абай өнеге етіп қалдырған бауыр-ластығының арқасында жүзеге асты.

Кезінде жер жүзінде теңдесі жоқ институт атанған Қазақстан халқы Ассамблеясының менің бастама-мен дүниеге келіп, елдегі татулық пен тұрақтылықтың ұйтқысына айналуының өзі ел бірлігіңіз еш ұлы мақсаттың орындалмайтынын жете түсінгендіктен жүзеге асты деп пайымдаймын.

Ел бірлігі ұранын бағзы замандар-дан бері талай сұңғыла бабаларымыз қайта-қайта көтеріп отырған. Сонау XVIII ғасырдың өзінде Бұқар жырау: «Егер Абылай алдында бітпесең, Атасын білмес алыспын. Көшің кетер бір жакка, Малың кетер бір жакка. Көш соңынан жете алмай, Есің шығар сол шақта, – деп

бірлікке шақырса, **Абай «Біріңді, қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі бос», XIX ғасырда-ақ бірлік арқылы күллі адамзаттың көшіне ілесе білуге шақырды.** Бұл кемеңгер тұлғаның көргендігінің белгісі еді.

Тәуелсіздігіміздің тұғырлы бо-луы жолында мен әрбір сөйлеген сөзімде ел бірлігі, ұлт татулығы мәселесін ұдайы еске салып оты-ратыным сондықтан. Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиында: «Біз де бүгін ұлтшыл татуластыққа да, ұлтаралық татуластыққа да, әлемдегі барлық ел, барлық халықтармен ынтымаққа да, мәдениеттер арасындағы сабақ-тастыққа да Абайша қарап, Абайша қастерлеуге ерекше мән береміз», – деген едім. Осы қағида – менің ешқашан айнымайтын өмірлік ұстанымымның бірі.

Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі өкілеттігімді өз еркiммен тоқтату туралы шешiм қабылдaмaс бұрын болашақ ел басқарар азаматқа қажет қайраткерлік тәжірибе мен тағылым жайын ой тасыне, көңіл безбөніне тартып, азықпай, зер сала қарадым. Абайдың: «Бас басына би болған өңкей қикым Мiнеки, бұзған жоқ па елдiң

...Бірлік жоқ, береке жоқ, шын	сықын?
Сыпырлды байлығың, бақсан	пейіл жоқ,
Жылқың.	жылқың.
Баста ми, қолда малға талас	жылқың.
Күш сынасқан күндестік	жылқың.
Бұзды-ау шырқын, – деген	жылқың.
өкінішін қайталамау қажеттігі тағы	жылқың.
алдымнан шықты.	жылқың.
Қазақстан тәуелсіздігінің ал-ғашқы күндерінен бастап менімен	жылқың.
бірге жұмыс істеген Қасым-Жомарт Тоқаевтың адал әрі жауапкершілігі	жылқың.
жоғары азамат екенін есеп-ке алмағанда, оның елдегі ішкі	жылқың.
жағдайды саралап қана қоймай,	жылқың.
Шығыстың да, Батыстың да тілдерін	жылқың.
менгергендігін, Біріккен Ұлттар	жылқың.
Ұйымы Бас хатшысының орынба-	жылқың.

сары қызметін атқарғанын, әлемдік саясаттағы Қазақстанның орнын байыптай алатын дипломаттық қырын да ескердім. Сондай-ақ өзім айрықша мән беріп келе жатқан ел бірлігі мәселесі мен адамзаттық құндылықтарды үйлестіру қабілетіне сенім арттым.

Өткен жылы Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойын ХХІ ғасырға қарышты қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі саяси, экономикалық және мәдени жетістіктері аясында атап өту туралы шешім қабылдады. Бұл менің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларымда қойылған мақсаттарды жүзеге асы-рудың заңды жалғасы және Абай мұрасын заман сұраныстарына сай қайта зерделеудің маңыздылығын білдіреді.

Уақыт бір орында тұрмайды. Ұрпақ жанарады, қоғам жетіледі, талап өзгереді. Есіме осыдан ши-рек ғасыр бұрынғы, тіпті одан сәл әріректегі кезең түсіп отыр. Себебі Абайдың ойы мен сөзін күллі әлемдік ауқымда мойындату мәселесін Кеңестер Одағы әлі тарамай тұрып, 1990 жылы халықаралық деңгейде көтерген едік. Бірақ ол кезде бізге құлақ аспады. Әрине, алдымыздан шыққан басты келергі Қазақстанның дербес мемлекет еместігі еді. Сондықтан асқақ тілегіміз егемендік алғаннан соң ғана қабыл болды. Абай-ды дүниенің даңқты тұлғаларының тізіміне енгізіп, 150 жылдық ме-рейтойын халықаралық дәрежеде атап өту жөніндегі ұсынысымды қолдаған ЮНЕСКО ұйымының сол уақыттағы бас директоры Фе-дерико Майор мырза кейіннен мерекелік салтанатты шараларға да өзі арнайы келіп қатысты. Және бір айта кететін нәрсе, осы арада биік мәртебелі халықаралық ұйым тара-пынан тұрақты тәртіпке айналған бір шарттылық бұзылды. Өйткені бұрын тек 200, 300, 500 секілді соңы бірнеше нөлмен аяқталатын сандарға, сәйкес келетін мерейтойлар ғана тізімге ілінетін. Жас мемлекет үшін халықаралық ұйым тарапынан мұндай қолдау көрсетілуі ұмытылмас анық.

Абай мерейтойына әзірлік өте қиын-қыстау кезеңде қолға алынды. Экономикалық-әлеуметтік пробле-малар шаш-етектен болып тұрғанына қарамастан, нар тәуекелге бардық. Ар-наулы қаулы қабылдап, атқарылатын іс-шараларды тиесілі мемлекеттік құрылымдар мойнына жүйе-жүйесімен жүктедік. Мерейтойға әзірлік жөніндегі республикалық комиссия және штаб құрылып, оны қаржылық, материалдық-техникалық, инфрақұрылымдық, идеологиялық, дипломатиялық, ғылыми, мәдени тұрғыдан қамтамасыз етудің нақты шаралары бекітілді. Барлық жұмыстың барысын өз бақылауымда ұстадым. Жауапты тұлғалардың қатысуымен арнаулы мәжілістер ұйымдастырып, жағдайды жан-жақты пысықтап отырдым. Шабандық, салғырттық, немқұрайдылық, атүстілік белен алған тұстарда та-лапты күшейтіп, тіпті мерейтойдың маңызын тереңірек түсіндіру үшін дайындық барысындағы басқосудың бірін Семей қаласына барып өткіздім. Сондағы жиын үстінде: «Абай тойы – тек Алматы мен Семейге, Жазушылар одағына, басқа да шығармашылық ұйымдарға ғана керек шаруа емес. Бұл – бүкіл республиканың, күллі Қазақстан халқының мерекесі. Бұл,



шын мәнінде, біздің тарихи және рухани жадымызға, керек десеңіз, осындай іс-шараны мемлекеттік деңгейде өткізе алатынымызға, ұйымшылдығымызға сын. Оның үстіне, Абай мерекесі даңғойлықты көтермейді, ұлы адамды еске алу құрметіне, тұрасын айтқанда, атаулы күндерді атап өтуде бізде үйреншікті әдетке айналып кеткен шектен тыс аста-төк той жасаудың қажеті жоқ. Парасаттылық, ақылға қонымдылық, ең бастысы, зиялылық пен ұстамдылық қажет. Мерей-той даңғазалықтан аулақ, жоғары мәдениеттілік аясында өтуге тиіс. Абайдың өзі бізді осыған үндеп кет-кен және оның өсиетіне қереғарлық етуімізге болмайды» – деген екенмін.

Бұл сөздерді жайдан-жай айтпаған едім. Жасыратыны жоқ, тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде ұлт тарихындағы көп ақтандардың беті ашылып, «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген ұранмен көпшілік жұрт өзінің қағаберісте қалған ба-баларын түгендеп жатты. Олардың ішінде ұлттық деңгейдегі батыр, би-лермен қоса, дәреже-дәрпі жергілікті жерлерге ғана танымал тұлғаларға да ас беріліп, құрмет көрсетілді. Тоталитарлық жүйе құрсауында құндылықтарына тыйым салынып, іштей булығып келген халықтың ақ түйенің қарны жарылғандай сезімі мен сеніміне тосқауыл қою әбестік саналар еді. Бірақ той тойлаудың да, ой ойлаудың да жөні бар. Алты Алаштың абызы болып қана қоймай, адамзаттың асқарынан көрінген халқымыздың ең аяулы перзенті, дана ұстазы Абай мерекесін бүкілхалықтық деңгейде лайықты өткізу мемлекет мерейі екенін ұғындыру керек болды. Сөйтіп, Абай тойының алдын-

да оның аруағын одан әрі ұлықтау, өмірбаяндық деректерінің көмескі паракратын қайта жаңғырту, әдеби, философиялық және музыкалық мұрасын тәуелсіздік тұрғысынан тыңнан пайымдау, әлемдік деңгейде кеңінен таныту бағытында іргелі жұмыстар атқарылды. Ұлы ақын шығармаларының алғаш рет жан-жақты тектологиялық сараптама-дан өткен екі томдық академиялық жинағы, «Абай» энциклопедиясы жарық көрді. Абайдың өмірі мен шығармашылығын тұтас қамтитын «Жидебай-Берлі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі құрылды. Жидебайда үш жүз алпыс әулиелі мекен Маңғыстаудан әкелінген ұлутастардан ақшанқан күмбезді Абай-Шәкәрім кесенесі тұрғызылып, оның ашылу рәсімінде бұл орынның енді әр қазақ үшін рухани Меккеге айналғанын атап өттім.

Алатаудың жан-жағы тіп-тік құлама құздармен қаусырылып, занғар басына бұлт қонақтаған Абай шынына көтеріліп, ақын рухына тағзым еттім. Ұлы ақынның өз халқымен бірге адамзаттың биігінен көрінгені тіледім.

Сол жылы Абайға арналған сал-танатты іс-шаралар Түркияда, Ресей-де, Қытайда, Францияда, Венгрияда, Үндістанда, Мысырда, Украинада, Қырғызстанда болып өтті. Лондон-да Абай үйі ашылды. Ұлы ақынның әлем елдері руханиятының табылдарығынан аттап, бұрын көз көрмеген көкжиектерге енді ешкім тосқауыл қоя алмайтын мәңгілік са-пары басталып кетті.

Абайдың 150 жылдығы ата-лып өткеннен бергі уақыт ішінде дүние жүзінің бірқатар елінде оның

құрметіне көше аттары беріліп, Ренн (Франция), Будапешт (Венгрия), Каир (Мысыр), Мәскеу (Ресей), Ыстанбұл (Түркия), Бейжің (Қытай), Ташкент (Өзбекстан), Тегеран (Иран), Баку (Әзербайжан), Витебск (Беларусь) қалаларының көрнекті орындарында ескерткіштер мен мүсіндер қойылды. Ретінше 2006, 2013 жылдары Мәскеу мен Ташкентте орнатылған Абай ескерткіштерінің лентасын Ресей Федерациясының президенті В.Путинмен және Өзбекстан Республикасының тұңғыш президенті И.Кәрімовпен бірге қидым.

ХХ ғасырдың екінші онжыл-дығында, дәлірек айтқанда, 1913 жылы ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында «онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» дей келе, соған қарамастан Абайдың есімін тек Семей мен Ақмола облыстарының қазақтары ғана білетінін, ал дүниеден қайтқан соң жарық көрген жалғыз кітабы ел ішіне кеңінен таралмай жатқаны туралы қынжыла жазған еді. Қарап отырсақ, содан бергі бір ғасырдың көлемінде **бірте-бірте ұлы ақынның даңқы жер жүзіне ейгілі болатын-дай деңгейге жетіптіз. Ол алды-мен, әлбетте, Абайдың теңдессіз кемеңгерлігінің, содан соң тәуелсіз мемлекеттігіміздің арқасы.**

Абай қаншама тас қапас заманда өмір сүрсе де, болашаққа үмітпен көз тікті. Ол өлеңдерінде «жана өспірім, көк өрім», «тплеуі, өмірі алдындағы», «көкірегі сезімді, тілі орамды» жастарға үлгі бермек үшін ғибрат айтты. «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» дей отырып, «дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген тағылымын үйретті. Батыс пен Шығыстың ілімін толық игерген Абайдың өнегесін еске-ре отырып, тәуелсіз мемлекеттіміздің жастары арасынан халықаралық стандарттарға сай, білімі мен білгі жоғары мамандар даярлау мақсатымен «Болашақ» президенттік стипендиясын тағайындадық. Соның арқасында ұлы ақын өмір сүрген за-манда «интернатта оқып жүрген» қазақ баласының ұрпақтары ХХ және ХХІ ғасырлар тоғысында әлемнің ең таңдаулы университеттерінде білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Ұлы Абайдың 175 жылдығы биыл адамзатқа қатер төндіріп, коронави-рус індеті жайлаған уақытпен тұспа-тұс келіп қалды. Аталған дерттің зар-дабы жер жүзіндегі мемлекеттердің ешбірін айналып өткен жоқ. Бірақ жарқын келешекке деген сенім мен сындарлы әрекеттің арқасында бұл уақытша қиындықты да еңсеретін боламыз. Абайдың сөзіне жүгіңсең: «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде еш нәрседің баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсін? Қары қалың қатты қыстың ар-тынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?».

Лайым солай болсын! **Абайдың сөзі мен ойы біздің күнбе-күнгі тірлігімізге, өркениетімізге кіріпін болып қаланып, бүгінгі өркениет пен алдағы болашақ талабына лайық ұмтылыстарымыздан және игі істерімізден нақты көрініс табаты-нына кәміл сенемін.**

"Egemen Qazaqstan".
7 қазан 2020жыл

ЖАУАПТЫ МАУСУЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жылу маусымының басталуы қарсаңында Қызылорда қаласындағы бірқатар нысандарды аралады.

Дайындық жұмыстарының дең-гейі сынақтан өтетін уақыт тауу. Сондықтан мамандар қаланы жылу-мен қамтамасыз ететін нысандарда пысықтау жұмыстарын жүргізуде.

Қазір жауапты науқанға әзірлік аяқталды. «Нұрлы жер», «Жұмыспен қамтудың жол картасы» сияқты мемлекеттік бағдарламалардың қаржысы жұмсалып, қазандықтар, магистральді және кварталшілік желілер жаңғыртылды. Бұл ескірген желілердің үлесін азайтуға мүмкіндік берді.

Өңір басшысы алдымен «Қызылордажылуэлектрорталығы» онтүстік бу қазандығының жылу маусымына дайындығымен таныс-ты. Аталған бу қазандығының жылу энергиясын қаладағы 197 көпқабатты үй, 5 балабақша, 10 медициналық ме-кеме, барлығы 763 нысан тұтынады. Қазандық газбен жылытылады, оған резервтік отын ретінде 644 тонна ма-зут алынған. Бұл 10 қазан күні толық іске қосылмақ. Аймақ басшысы дайындық жұмыстарын дер кезінде



аяқтап, қала тұрғындарын уақытылы жылумен қамтуды қатаң тапсырды. Мұнан кейін облыс әкімі

Ә.Бөкейхан көшесінде «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жүзеге асы-рылып жатқан УТ-15А магистральді

жылу желілерін қайта құру жобасын назарға алды. Ұзындығы 1 жарым шақырымнан асатын жылу желісін

«Авангард» ЖШС қайта жүргізуде. – Пандемия уақытында біз тұрғындардың денсаулығына аса мән беруіміз қажет. Күн суытып келеді. Сондықтан қала халқына дер кезінде жылу беріп, олардың тұмау секілді ауруларға шалдығуының алдын алайық. Ол үшін мердігер мекеме осы жұмысты 10 қазанға дейін аяқтап, тұрғындардың тонбауына жұмыс жа-сауы тиіс, – деді облыс әкімі.

Мұнан соң аймақ басшысы №15 автономды блокты-модульді қа-зандық жұмысын көрді. «Арай-2» шағын ауданында орналасқан «Қы-зылордажылуэлектрорталығына» қарасты қазандық 2015 жылы пайдалануға берілген, ол осы аудандағы 19 көпқабатты үйді жылу-мен қамтамасыз етеді.

Сырдарияның сол жағалауындағы үйлерге жылу беретін автоном-ды блокты-модульді қазандық құрылысы да 15 қазанға дейін толық аяқталды деп жоспарлануда. Бүгінде сыйымдылығы 2 дана су қоймасының құрылыс-монтаж жұмыстары, қазан-дыққа қажетті жоғары қысымды газ және ауызсу құбырлары тартылды. Ғимараттың ішкі бөлмелері салы-нып, мұржалары монтаждалып, ішкі құбырлары тартылған. Келісімшарт бойынша құрылысты аяқтау желтоқсан айына белгіленгенмен, мердігер мекеме өкілдері жылу

маусымының басталуына дейін жұмысты толық орындайтындығын жеткізді. Облыс басшысы қазандық құрылысын сапалы аяқтап, сол жағалаудағы 32 көпқабатты үй мен 2 әлеуметтік нысанды дер кезінде жылу жүйесіне қосуды тапсырды. Облыс басшысы «Қызылорда-жылуэлектрорталығына» да барды. Орталықтың биылғы жылу маусымы-на негізгі жабдықтарын дайындауға «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы шеңберінде 1022 млн теңге бөлінді. Осының арқасында 156 адам жұмысқа орналасты. Осы жерден тараған жылу энергиясын 995 нысан тұтынады. Оның ішінде 365 көпқабатты үй, 29 мектеп, 13 балабақша, 9 медициналық мекемені жылумен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қуаттылығы 113,2 мВт электр энергиясын өндіреді.

Аймақ басшысы 200 орынға арналған модульдік үлгідегі жұқпалы аурулар ауруханасының құрылысымен танысты. Аурухана қазан айының соңына дейін толық іске қосылады деп жоспарланған. Аурухана соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен жарақталды. Әкім пандемия уақытында ем-деу мекемелеріне еш босансуға болмайтындығын ескертті.

«СБ» ақпарат

Марапат биігінде – волонтерлар

Елді алаңдатқан күрделі кезеңде волонтерлар қолдан келген көмекті аямады. Пандемия уақытында ерекше еңбегімен көзге түскен еріктілерге облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет «Халық алғысы» медалін табыстады.

Сb Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

– Халық ел ішінде жүрген батырларын, қайсар азаматтарын білуі қажет. Жұқпалы індетке қарамастан елдің қамы, халықтың денсаулығы үшін күрескен волонтерлардың игі істерін біз жастарға кеңінен насихаттауға тиіспіз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Сыр волонтерларының көмегімен өңірде сегіз мыңнан аса мұқтаж отбасыға әлеуметтік көмек көрсетілген. Көпбалалы, әлеуметтік жағынан аз қамтылған 4870 отбасының мектеп жасындағы балаларына оқу құралдары табыс етілді. Құрбан айт кезінде «Ақ-мешіт-Сырдария» орталық мешітінің үйістерімізден Қызылорда қаласында 3830, аудандар бойынша 3431 отбасыға қайырымдылық көмек көрсетілді. «Хикмет» қайырымдылық қорының демеушілігімен 1000 отбасыға азық-түлік түріндегі көмек берілді. Бұл шараларға менсенаңтар, мешіт қызметкерлері мен автовольтерлар жұмылдырылған.

Облыс әкімінің орынбасары еріктілердің ел болашағына бейжай қарамай, мұқтаж отбасыларға ғана емес, пандемияға қарсы күресте алғы шепте жүрген медицина қызметкерлеріне де

жан-жақты қолдау көрсеткенін атап өтті. «Мың алғыс» акциясы аясында 255 медицина қызметкерінің отбасына азық-түлік өнімдері таратылып, ауруханада үздіксіз еңбек еткен 1700 медицина қызметкері ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, күн райы, уақытпен санаспастан оттегі баллондарын ауруханаға жеткізген еріктілердің еңбегі де елеулі.

Мемлекет басшысының «Халық алғысы» медалімен суретші, КР Суретшілер одағының мүшесі А.Кененбаев, спортшы, «Мұз айдыны» спорт кешенінің директоры И.Ильин, Н.Бексезжанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының артисі Ұ.Баймаханов және волонтерлар Ұ.Жәрекеева, С.Әбілразақова, Е.Мұсаев, О.Чебакова, А.Жүсіпбек, Ж.Исаева, Т.Мендібаев марапатталды. Сондай-ақ, бірқатар қоғам белсенділеріне облыс әкімінің «Алғыс хаты» табысталды.

Жиын барысында А.Кененбаев халыққа жанашыр, болашаққа бейкам қарамайтын жастардың көбейгеніне қуанатынын айтты. Сондай-ақ, бірқатар волонтер пікір білдіріп, елге қызмет мұнымен тоқтамайтынын жеткізді.

БАСПАНАЛЫ БОЛУ – БІР БАҚЫТ

Мәліметке сай, жыл соңына дейін 698 отбасына баспана сатып алу құқығынсыз жалға берілмек. Сонымен қатар 115 отбасы кредиттік тұрғын үймен қамтамасыз етіліп, жеке құрылыс салушылар есебінен 156 пәтерлі 4 тұрғын үй құрылысы бітелі. Осылайша жыл соңына дейін барлық бағдарламалар шеңберінде 987 пәтерлі 75 тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған.

Президент жер үй тек баспана ғана емес, сондай-ақ табысы аз, әсіресе көпбалалы отбасылардың экономикалық тірегі де бола алатынын айтты. Үкімет пен әкімдіктерге әлеуметтік жер үйлер салынатын учаскелерді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету ісін жеделдету жөнінде тапсырма берген болатын.

Қазіргі таңда облыста жеке тұрғын құрылысы үшін ашылған жаңа тұрғын аумақтарын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ететін 15 жобаның құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 11 жоба облыс орталығына тиесілі болса, Сырдария ауданында 2, Арал мен Шиели аудандарында бір-бірден жоба жүзеге асырылады. Жалпы 2020 жылы барлық қаржыландыру көздерінен 591,5 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру және 45,3 шақырым инженерлік инфрақұрылым желілерін жүргізу көзделіп отыр.

Бүгінгі күнге аймақта тұрғын үй алуға барлық санаттар бойынша кезекте тіркелгендер саны 30326 азаматты құрап отырғанын айта кету керек. Оның ішінде «Халықтың әлеуметтік жағиынан осал топтары» санатымен – 12716, көпбалалы отбасылар санаты бойынша – 3452, мемлекеттік және бюджеттік сала қызметшілері – 11858, тұрғын үйі апатты деп танылған азаматтар санаты бойынша – 133, жетім балалар санатымен – 2166 азамат тіркелген.

Өз бетінше баспана мәселесін шешуге талпыныс жетпейтін азаматтарға тиімді әлеуметтік көмек көрсетілетіні белгілі. Биылдан бастап «5-10-20» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оған 390 миллиард теңге бөлінді. «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Қызылорда филиалының директоры Әділжан Саулебаев «Шаңырақ» деген атауға ие болған «5-10-20» бағдарламасының талаптары туралы түсінік беріп өтті. Оның айтуынша, әкімдіктер салған несиелік тұрғын үйдің 1 шаршы метрі 160 мың теңгеден сатады деп жоспарлануда. Ал ең жоғары заем сомасы жеке құрылыс салушылар ұсынған жаңа үйлер Қызылорда облысы үшін 12 млн теңгегі құрайды. Жаңа пилоттық жобаның шартына сай тұрғын үй сатып алу

1-бет

Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасында жеке заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

Басшының аты-жөні, тегі және лауазымы (баскарма басшысы)	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Байланыс телефоны
Мақашов Сұлтан Ысқақұлы (баскарма басшысы)	Бейсенбі	16.00-18.00	60-53-32
Қарабаев Ғалымжан Мырзахметұлы (баскарма басшысының орынбасары)	Жұма	17.00-19.00	60-53-32

Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасының «Сенім телефоны» 60-53-35

Кешегі қысылтаяң шақтағы дертпен күресте дәрігерлер алғы шепте болды. Міндеті дерміз-ау, бірақ кеселдің беті қайтқанша отбасынан тысқары өмір сүрген ақ халаттылар біздің мақтанышымыз болуы тиіс. Сыр дәрігерлері төтенше жағдай кезінде халықпен бірге болып, қалтқысыз қызмет етті.

Сb Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Алғы шептегілерге алғыс

Осы мамандық иелеріне қандай құрмет көрсетілсе де, артық емес. Мемлекет басшысының тапсырмасымен жалақылары көбейтіліп, кейбір дәрігерлерге үстемақы төленуде. Қаланың қақ ортасынан оларға арналған аллея ашылды. Еңбек сіңірген абзал жандарға пәтер кілті де табысталды.

Аймақ дәрігерлері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық алғысы» медалімен марапатталды. Президент қол қойған арнайы алғыс облыстағы 26 медицина қызметкеріне табысталды. Облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов аймақ басшысының құттықтау лебізін жеткізіп, ауыр кезеңде халықпен бірге болған ақ халаттыларға алғысын айтты.

– Жұқпалы дертке қатысты жағдайдың тұрақталуы сіздердің адал еңбектеріңіздің арқасы деп нық сеніммен айта аламыз. Өйткені, науқастанғандар медицина қызметкерлерінің білімі мен біліктілігінен дертті жеңіп шықты. Осы ретте, еселі еңбектеріңіз үшін облыс әкімі Гүлшара Әбілқалықованың атынан алғыс айтамын, – деді Н.Байқадамов.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, аймақ дәрігерлерін қолдау тоқтап қалмайды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, коронавирус инфекциясымен күресте науқастарды емдеген, жұмыс барысында ауру жұқтырған, қайтыс болған дәрігерлерге үстемақы төленуде.

– Алғаш вирусты жұқтырушы Шиели ауданында наурыз айының аяғында тіркелді. Содан бері дәрігерлер бірлесіп қимылдап, пандемияға қарсы күресе білді. Алдағы екінші толқыныс тас-түйін дайындықтамыз. Материалдық-техникалық база нығайтып, оттегі аппараттары көбейтілді. Екі айлық дәрі-дәрмек қоры жинақталып, 150 төсек-орынды сақадай сай еттік, – дейді аудандық аурухананың бас дәрігері, «Халық алғысы» медалінің иегері Нұрлан Әмірұлы.

адам, «Бақытты отбасы 2%» бағдарламасы бойынша 2,5 млрд теңгеге 282 адам, «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 714 млн теңгеге 81 адам және нарықтық баға бойынша 3,6 млрд теңгеге 441 адамның өтініші қанағаттандырылған. Жалпы сомасы 7,5 млрд теңге.

Мемлекет басшысы Жолдауда жалдамалы үйлер салу кезінде жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау арқылы ауылдағы еңбекшілерді қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Тапсырманы іске асыру мақсатында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі ауылдық елді мекендерде тұрғын үй салу кезінде жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау тетігін ұсынып отыр. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов бұл жоба «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық дамуы туралы 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылатынын айтты, ол бойынша жұмыс берушіге қандай талаптар қойылып отырғанын түсіндіріп өтті.

Біріншіден тұрғын үй алаңы 100 шаршы метрден аспауы тиіс және оны үлгі жоба бойынша салуы керек. Сонымен бірге үйдің қуны 10 млн теңгеден аспауы қажет және ол салынатын ауылдық елді мекеннің аудан орталығынан қашықтығы 80 шақырымнан жоғары болуы тиіс. Осы талаптар орындалғанда тұрғын үй құнының 50% мөлшерінде мемлекеттен субсидияланатын болады. Ал жұмыс беруші мен қызметкер арасында 5 жыл тұру мерзімі бар еңбек шартының болуы сұралады. Осы тетікті іске асыру ауылдық жерлерге білікті мамандарды тартуға мүмкіндік береді, бұл халықтың қалаларға кетуін тоқтатады.

Баскарма өкілі сол секілді жеке тұрғын үй қорынан жалға алынатын тұрғын үй үшін жылда ақысын (80% мөлшерінде) субсидиялау тетігін енгізу ұсынылып отырғанын жеткізді. Осы тетік жеке құрылыс салушыларға мүмкіндік ұсынады. Бұл ретте құрылыс салушылар үшін жер учаскелерін беру, инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу бөлігінде салықтық және инвестициялық преференцияларды мемлекеттік қолдау шаралары жоспарланып отыр.

Ал келесі жылдан бастап, ел тұрғындары үшін зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын үй сатып алуға пайдалану жобасы жүзеге аса бастамақ. Бұл жобаға қатысу мүмкіндігіне ие болып, баспана жағдайын дұрыстап алатындар қатарында Сыр елі тұрғындары да болады деп үміттенеміз. Қалай болғанда да қоныс тапқан тойлаған өңір тұрғындарының сабы артуы үшін барлық бағытта жұмыстар жүргізіле беретін болады.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Жоба

Қызылорда облысы әкімі аппаратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламентін бекіту туралы

«Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының үлгілік регламенті мен Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері аппараттарының өтініштерді қарауды бақылау бөлімдері туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 8 қыркүйектегі №560 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **КАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Коса беріліп отырған Қызылорда облысы әкімі аппа-

ратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Е.Т.Райғанисевке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Г.Әбілқалыкова

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы «__» №__ қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімі аппаратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламенті

Жалпы ережелер

1. Қызылорда облысы әкімі аппаратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламенті «Қазақстан Республикасының заңдары жөніндегі мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қантардағы Заңына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген және Қызылорда облысы әкімі аппаратының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының тәртібін белгілейтін.

2. Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау (бұдан әрі – қабылдау) Қызылорда облысы әкімі аппаратының қоғамдық қабылдау бөлмесінде (бұдан әрі – қоғамдық қабылдау бөлмесі) мына лауазымды адамдар жүзеге асырады.

1) Қызылорда облысы әкімі және оның орынбасарлары;

2) Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы және оның орынбасарлары;

3) Қызылорда облысы әкімі аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары;

4) Қызылорда облысы әкімі аппаратының алдын ала жазылу бойынша қабылдауды жүзеге асыруға уәкілетті өзге де қызметкерлері.

3. Жеке тұлғалардың мен заңды тұлғалардың өкілдері әкім аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының, сондай-ақ әкім аппаратының қабылдауды жүзеге асыруға уәкілетті өзге де қызметкерлерінің қабылдауына келіскен жағдайда оларды көрсетілген лауазымды адамдар олар өтініш жасаған күні қабылдауды жүргізеді.

Қызылорда облысы әкімі аппаратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау тәртібі

4. Қабылдауға жазуды қабылдауды ұйымдастыруға жауапты қызметкер күн аяғында жұмыс күндері жұмыс уақытында түскі үзіліспен «электрондық үкімет» веб-порталындағы электрондық құжаттар, қағаз форматтағы, оның ішінде қолама-қол түскен өтініштер немесе қоғамдық қабылдау бөлмесінің қызметкеріне ауызша ысыданатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бөлімсінің «Ақ-оралықтарына» келіп түскен өтініштер негізінде жүргізіледі.

5. Мәселенің мән баяндамаған және қабылдау туралы өтініш қаралмайды, бұл туралы өтініш берушіге хабарланады.

6. Қызылорда облысының әкімі мен оның орынбасарларының қоғамдық қабылдау бөлмесінде қабылдау, әкім бекіткен кестеге сәйкес айна бір реттен сиретпей жүргізіледі.

Сондай-ақ қабылдау «Орталық атқарушы органдар басшыларының, жергілікті атқарушы органдарының ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандығы №190 Жарлығына сәйкес есеп беру кездесуі өткізілгенге дейін бір күн бұрын және есеп беру кездесуі өткізілген күннен кейін жүргізіледі.

7. Лауазымды адамның тек, аты және екеңінің аты (ол болған жағдайда), қабылдау күндері көрсетілген қабылдау кестесі қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық қабылдау бөлмесінің үй-жайларында көзге оңай түсетін жерлерде, сондай-ақ облыс әкімінің ресми сайттарында тіркеліне.

8. Қызылорда облысы әкімінің орынбасарлары қабылдауды әкімнің қабылдау өткізілетін күніне көрсетілген тиісті тапсырмасы бойынша бекітілген кестелер тізіс жүзеге асыра алады.

9. Қабылдаудың алдында жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі (бұдан әрі – арыз беруші) өзінің жеке басын куәландыратын құжатты, ал басқа тұлғалардың атынан өтініш жасаған кезде – олардың мүдделерін білдіру өкілетті растайтын құжаттарды көрсетеді.

10. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 наурыздағы №390-16к қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының құрылымдық режимін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға және Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымын қорғау саласындағы қанағас-тарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қабылдау аудармашының қатысуымен жүргізіледі.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ

адамдардың қабылдауа берген өтініштері, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда оларды қараудың өзге ережелері көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

11. Қабылдау өтініштерінді кезегі тәртібімен жүргізіледі. Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, барлық санаттағы мүгедектер, жүкті әйелдер, «Алтын Қыран» ордендерімен марапатталған, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы бар адамдар кезектен тыс қабылданады.

12. Арыз берушілердің келісімімен Қызылорда облысы әкімінің және оның орынбасарларының қабылдау бөлмесінде неконференциябайланыс арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

13. Коронавирус пандемиясына немесе азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты басқа да жағдайларға орай шектеу шаралары енгізілген жағдайда қабылдау бейнеконференциябайланыс арқылы ғана жүзеге асырылатын болады.

14. Мына: жергілікті атқарушы органдардың және орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша;

15. Уақытша еңбекке жарамсыздық, қызметтік іссапар және басқа да жағдайлардың себебі бойынша қабылдау жүргізу мүмкін болмаған жағдайда қабылдауды адам қабылдауға жауапты қызметкерді жеке қабылдау өткізілгенге дейін кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын немесе қабылдау өткізілген күні хабардар етеді.

16. Қабылдау күнінде қоғамдық қабылдау бөлмесінде қосымша өтініштер мен басқа да ішесі құжаттарды дұрыс ресімдеуге (қажет болған жағдайда) көмектестің заң консультанттары, психологтар және әлеуметтік қызметкерлер тартылуы мүмкін (еріктілерді қабылдау күндері ғана тартуға болады).

17. Қабылдауды Қызылорда облысының әкімі өткізген кезде Қызылорда облысы әкімі аппаратының Өтініштерді қарауды бақылау бөлімі (бұдан әрі – Бөлім) прокуратура органдарының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер агенттігінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) аумақтық бөлімшелері өкілдерінің қатысуын қамтамасыз етеді.

18. Егер көтерілетін мәселе орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің құзыреті шегінен шығып кеткен жағдайда, онда тиісті мемлекеттік органның бірінші басшысының ұсынысымен олардың өкілдерінің бейнеконференциябайланыс арқылы қатысуына сұрау салу жіберіледі.

19. Орталық мемлекеттік органдардың өкілдерінің қабылдауға қатысуы бойынша сұрау салу жіберілгеннен кейін арыз беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде жіберілген сұрау салу туралы және қабылдауға жазу туралы өтінішті қараудың ұзартылатын туралы хабардар етіледі.

20. Мемлекеттік органдардың Қызылорда облысы әкімінің бірлесіп қабылдауды қамтамасыз етуге тарту фактілері туралы ақпарат 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөліміне жіберіледі.

21. Қабылдау арыз берушінің қалауы бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

22. Қабылдау бағамда қоғамдық қабылдау бөлмесінің қызметкерлері арыз берушілердің азаматтарды қабылдау шеңберіндегі жұмысын ақпараттық-талдамалық сүйемдеуді;

23. Қабылдау нәтижелері тапсырмалары орындалуын нақты мерзімдері көрсетіліп хаттамаланады. Хаттамалық тапсырмалар өтініштерге қоса тіркеледі.

24. Азаматтарды қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау мәселелері бойынша өтініштерді тіркеу және қарау тәртібі

25. Қабылдауға жазу туралы келіп түскен барлық өтініштерді қоғамдық

отырмаз. Оқылған дұға қабірін нұрудандырып, жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын дейміз.

Жан әке, сіз еліңіз жан шуағы, Шаңырақтың шуғылағы, Шамшырағы.

Өзіңіз жоқ болған соң күн көмескі, Қайткенде көңіл, шіркін, ашылады.

Жар болсын бізмізге тәңіріміз, Сіз салған адастырмас тағылым-із.

Ас беріп, дұға қылдық, қабыл қылысың, Нұрлансын аяттармен қабіріңіз.

Еске алушылар Жайылғановтар әулеті



● МЕЗГІЛІ МІНЕЗІ

Қаз қанатын жамылған қазан айы

Қазан айы – салқын ай, салқам ай. Кәдімгі қазан астына от жақпасаң, өздігінен ештеңені жылытпайды, пісірмейді. Қазан айын осы көрініспен салыстыруға болады, жылу іздейсің, кемпіршақтың айы.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»



Халықта «қазан қайдан келеді» деген сөз бар.

«Жеті қырдың астынан ақырып келеді, жеті жынын шақырып келеді, жеті сауал арта келеді, жеті сауап тарта келеді» дейді.

Жеті сауабы немесе жеті сауалы не дейсіз?

«Егіннің егейін бе?» деп келеді. Бұл сөздің астары ақ егісті һәм жеміс ағаштарын отырғызуды мезгіл айта берек.

«Қырманыңды суырайын ба, қызылыңды қуырайын ба?» деп келеді, мұнысы түсінікті, жиын-терімді айтып отыр. «Бөркінді теріс киізейін бе?» дейтіні тағы бар. Бұл «қазанның қара дауылы» деген желді еске түсіреді. «Тұнығыңды ылайылайын ба?» десе, онысы өзен-көлдің тартылуы, бұлақтардың

саркылуы. «Тұмарыңды жұлайын ба?» деп келетіні – «қазанның жапырақ желі», яғни, жапырақтардың түсуі, жемістердің пісуі. Ақырында «Төбеннен құйайын ба, төменнен сыпырайын ба?» деп келеді екен. Оның алғашқысы жаңбыр, тұман, қар сияқты құбылыстар болса, соңғысы «қазан ұрды» дейтін ызғырықтың сипаты.

Халықтың қазанға берген бағасы қандай, ә-ә? Мұның қай-қайсысы да қазақтың мың жылғы тәжірибесінен түйгені, көзбен көріп, көңілге тоқығаны.

Бұл мезгіл суық түндер мен сұғылт күндердің, «кәрі құда» қыстың қыр астына келгенін ескертеді.

Айдың он төртіне боқырау деген амал келеді. Бәріміз

білеміз оны. Боқыраудан тоқырамай өтер болсақ, қар жауып, мұзға тайып жүрмесек, қыс жылы болады екен, мұны да «синоптик» қара шал айтқан.

Қаңқылдап қазардың, тыраулап тырналардың жылы жаққа қайтатын мезгілі де осы – қазан.

Енді мен ешкім біле бермейтін бір құпиясын айтайын. Былайғы жұрт ақындар жақсы, сұлу өлеңді көктемде жазды деп ойлайды. Олай емес, ақындар дәл осы айда шабыттанады. Жылыстап бара жатқан жылылықты қимай ма, кең дүниеге сыймай ма, оны ақындардың өздері ғана біледі.

«Қара өлеңді маздатып қарсы алармын, Қаз қанатын жамылған қазан айын...», – дейтін атақты өлеңін атақты ақын Тыныштықбектің де осы айда жазғанын зерттеудің қажеті жоқ.

Мен қазан айы туралы естіген-білгенімді айттым. Қос десеңіз, қосынқырауға болады. Қосынқырау демекші, қазан айында туғандардың мінезі қызқыс – қосынқырау сөйлеуді ұнатады, сөзінің өтірік-шынын айыру қиын. Алайда, ақылды, достықты жоғары бағалайды. Қай нәрсені де жеті өлшеп, бір пішеді. Ал, қазанда өмір есігін ашқан әйелдер – бір-бір, бір-бірі. Сатқындық пен екіжүзділікті кешірмейді. Отбасын сақтай қалу үшін отқа түседі. Үй шаруасына келгенде дана.

Сол енді... туған күнін сұрамаппыз ғой.

Әзіл, бұл. Құдайға шүкір, отыз жыл болды, отанасы оттың басынан шықпайды.

Мен болсам, өлең жазып отырмын...

● ЖӘЛЕЛ ҚИЗАТОВ – 100

Қызылжарда өсіп, Қызылордада өркен жайған



Кеңес Одағының батыры, белгілі қоғам қайраткері Жәлел Қизатовқа мәңгілік мекені Қызылордадан бұйырғанымен, туған жері Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Қарағай ауылы еді.

Батырдың өмір жолына шолу жаса-сақ, 1940 жылы Покровкадағы ауыл шаруашылығы техникумын бітірген соң, Қызыл Армия қатарына шақырылып, 2-дүниежүзілік соғысына бастан-аяқ қатысады. Соғысты майор дәрежесінде аяқтады. Соғыстан соң туған жерінде аудан басшылығы және кеңшар директоры қызметтерін атқарған екен. Мінезі тік, турашыл, ешкімнен тайсалмайтын азаматтың басшыларға ұнамайтыны белгілі ғой, Жәлел батыр да әділетсіздіктің біраз тауқыметін көрді. Ол туралы Айдос Әбүтәліпұлы ағамыз «Солтүстік Қазақстан» газетінде осы жылдың 25 маусым күні жарияланған «Қызылжардың батыр ұлы» деген мақаласында толық жазған екен. Сөйтіп бірқатар азаматтардың қолдауымен Жәлел Қизатұлы 1968 жылы Қызылорда облысына ауысады. Облыстық деңгейде бірқатар абыройлы қызметтер атқарып, өзінің парасаттылығы арқасында Сыр халқының қошемет-құрметіне ие болады.

Иә, солай Сарыарканың түлегі, Сыр бойында канат жайды, түлейді.

Қайда тұды

Қайда тұрды, сөз емес,

Бар қазаққа ортақ оның жүрегі, – деп Кәкімбек Салықов ағамыз айтқандай, Жәлел Қизатов бүкіл қазаққа ортақ тұлға еді. Өмірінің ең бір белсенді кезеңін Қызылорда облысында өткізгендіктен, көпшілік оны осы жердің тумасы деп ойлайды екен. Орысы көп солтүстіктей емес, қазағы ба-сым қызылордалықтар батырды ерекше құрметтеді. Оған 2001 жылы Қызылорда қаласында Жәлел Қизатұлының 80 жылдығын атап өткен салтанатқа қатысқан күндері куә болдым. Кәкімбек ағамызбен бірге өткізген сол бір қимас күндерді еске алып, 2003 жылы мамыр айында «Солтүстік Қазақстан» газетіне «Аспанда туған ән» деп мақала жазған едім. Сол мақалама әуешайда отырып, әкем Рашид пен Жәлел Қизатов жақсы жолдас болғанын, ағам Таскынның атын Жәлел ағаның қалай қойғанын ақын ағамызға айтып бергенімді еске алған болатынмын. Анамнан естіген әңгімемді лезде өлеңге айналдырған ақын ұшақ ішінде шабыттана отырып:

Жалғызтауда ауыл бар Бұлақ деген,
Талай сырды талғай бер сұрап менен.
Тап қасында
«Қарағай» – Жәлел елі,
Еске түсіп хикая құратты өлең...

Естеліктер азаймас асыл қоймам,
Қай заманда ондайға ақын тойған?
Таскын деген інім бар Қызылжарда,
Батыр аға Қизатов атын қойған, – деп екпіндете оқып берген-ді. Иә, өмірде осындай бір бақытты сәттер болып еді. Жәлел әкеміздің құрметіне арналған сол салтанат Қызылорданың Қорқыт ата атындағы университетінің ақт залында өтті. Оған облыс басшылары, соғыс және



еңбек ардагерлері қатысып, батыр туралы небір тамаша естеліктер айтылды. Сол жерде «XXI ғасыр қоры» баспасы шығарған «Шарболат» атты батырға арналған кітаптың тұсаукесері болды. Ол кітаптың кіріспесінде «Совет Одағының Батыры Жәлел Қизатов – мына өмірде шынайы батыр болып өткен және бүкіл қазақ халқы үшін аңызға айналған адам. Дүниеде қазақ дейтін халық бар екенін осы Жәлел Қизатов сияқты азаматтар дәлелдеп шықты» деп жазылыпты. Алғашқы бөлімі «Батырға арнаулар», екіншісі «Батырдың өз өлеңдері» деп аталады екен.

Кітапты ақтарып отырып, әдемі тізілген сөз кестесін, әсем ұйқастарды, маржан сөздерді көріп ерекше риза болдым.

Қымбатым жоқ қазақтың өлеңінен, Өлеңмен ана тілін үйренгенмін, – деп батыр әкеміз өзінің өлеңге деген құрметін көрсетеді.

Арыстандай батырдың жүрегі үнемі туған жерін аңсап өткенін мына өлеңдерінен көруге болады. Сонау 1943 жылы жазылған «Ауылым» деген өлеңінде майдандағы жауынгер:

Туған жерді еске алып таңданамын,
Ағайынға хат жазып толғанамын.
Бақ берген, өмір берген анамызсың,
Қайда жүрсем өзіне бел баламын! – деп жырлапты. Бейбіт күндегі «Еліме» деген өлеңі Сыр өңірінде жүргенде жазылыпты. Сағындым Сарыарканың сары бөлін,
Шокан, Ақан, Ыбырайдың туған елін.
Жан анам дүниеге мені әкеліп,
Ұлының кіндік қанын жуган жерім... – дегенінен туған жерін сағынғанын көреміз.

Солтүстік Қазақстан облысы Тіл басқармасының басшысы Оспанов Кемел батырдың Қарапа деген қарындасынан туған жиені, ол нағашысының бауырында өскен екен. Өмірінің соңғы айларында қатты ауырып ауруханада жатқанында Жәлел аға елден сол баласын шақыртыпты. Келе жатқан хабарды естіген батыр Кемелді қарсы алу үшін әуешайға барғанына қасында жүрген екі дәрігер таңғалып «Кемел деген кім еді, неге сонша әбігер болдыңыз?» деп сұрағанда, «Баламмен бірге туған жерімнің иісі келе жатыр» деген екен асыл азамат.

Қорқыт ата университетіндегі салтанаттың арты концертке ұласқан еді. Түс кезінде шақырылған құрметті қонақтарға ақ беріліп, батырға арналған той одан әрі жалғасып жатты. Осы салтанаттың қас ортасында батырдың ақын інісі Кәкімбек ағамыз жүрді. Мені де шет қалдырған жоқ, батырдың жерлесі деп төрден орын да, сөз де беріп жатты.

Кешке бәріміз батырдың үйінде болдық. Көкең сол жерде тұнғыш рет кеше ғана заңғар биікте дүниеге келген

Соңғы жылдар...
Өзгерсе өмір өңі,
Жалғыз ғана бар жақсы көңіл емі
Таскын інім Жәлелдей нар тұлғаға,
Тірі жүрген ескерткіш көрінеді, – деген өлең жолдарын оқыды, оның шығу себебін де айтып өтті.

Ертеңіне университет ректоры Қылышбай Алдабергенұлы Бисенов батырдың мәңгілік мекеніне барып құран оқияқ деген ниетімді біліп, облыс имамымен орталық зиратқа алып барған еді. Өмірде небір қызықтар бола береді-ау. Қылышбай Алдабергенұлымен тура жиырма жыл бұрын Канадаға барған сапарымызда танысып, табысып қайтқан едік. Табысып дейтінім, ол өзімнің ұстазым Әбжан Қожабекулының құласы болып шықты. Оның Қынабай деген інісі Өбекеңнің Гүлсара деген қызына үйленген екен. Соны білгенде екеуіміз мұхиттың арғы жағындағы Олде қалашығының көшесінде бір-бірімізді құда деп бас салып құшақтаған едік. Міне, содан бері сыйластығымыз жарасып келеді, сол жолы құдам келді деп сыйлап, ағамыз жатқан зиратқа алып барды.

Жәлел Қизатов қабірінің басына батырдың ескерткіші тұрғызылған екен. Үлкен зират ішіндегі ескерткіштердің еңселісі де, айшықтысы да – сол. Қызылордалықтарға тағы бір риза болдым. Елге, жерге бөлмей бәрін өз бауырына тартқан Сыр еліне қалайша риза болмайсың?! Зират басында құран оқытып, батырдың рухымен іштей тілдесіп жаттым. Туған жерге даңқты жерлесімізге сонау Қорқыт ата елінде көрсетілген құрметті айтып жеткізсем деп тіледім.

Жалғызтау, мұнара елін жеке біткен,
Күлімдеп күн қарайды шекеліктен,
Мекені Ақан сері, Ыбырайдың,

Сен сұлу кең далада бойын күткен, – деп батыр ақын жырлаған туған жеріме келген сайын Жалғызтауға көз тігем. Осы жерден тағы бір ақын шығып, енді Қизатовтың өзін жырға қосса деп ансаймын.

Құдайға шүкір, қызылордалықтар секілді туған жері де батыр ұлын құрметтеп жатыр. Өзі оқыған Есіл ауылшаруашылық колледжіне аты берілді, жыл сайын Жәлел Қизатовтың құрметіне спорт жарысы болып тұрады.

Қызылордада сол сапарымызбен тағы бір ерекшелігі, Кәкімбек ағамызбен бірге болуым еді. Бірге жүрген екі-үш күн ішінде әлденеше рет Кәкімбек ағамыздың ақын жүрегі тулап, көпшілігіміз елемейтін нәрседен өлең тудырып жатқанының куәсі болдым.

Асылдарды байқа достым, іргенде,
Адам шіркін, барын сыйлай білген бе?
Қызылжардың қыран ұлы Жәлелді,
Кездестірдім Қызылордада жүргенде.

Кең аяқарып әлем сыйған жүрегің,
Сөйлеуші еді түріп батыр білегің.
Алатауды арлақатқан Жамбылдай,
Мақтаушы елі

Теңеу жетпес Сыр елін, – деп жазыпты Кәкімбек аға бір өлеңінде. Иә, ақын мен батырды жақындастырып, аға-іні қылып табыстырған ақын жүрегінің тынымсыз тулайтындығы екені анық.

Жәлел, Мәлік, Бауыржан мен Рахымжан,
Үлгі едіңдер шырғалаңға шақырған.
Есімдерің бұл ғаламда сақталар.

Тұғыр алған жиырмасыншы ғасырдан, – деген екен Кәкімбек ағамыз. Сол батыр ағаларының артынан ақын ағамыз да мәңгілік мекеніне кете барды. Халқымыздың осындай асыл ұлдарының ізінде баянды да ұмытылмас істері қалды, айшықты жырлары қалды, тұлғалары кейінгі ұрпаққа үлгі болып, жарқын болашаққа бастайды.

Әйіп РӘШИТҰЛЫ,
биология ғылымдарының докторы



Қызылордада жолақы 10 теңгеге арзандады



1 қазаннан бастап жыл соңына дейін Қызылорда қаласының тұрғындары мен қонақтары қоғамдық көлікте 10 теңгеге арзан жүре алады. Бұл мүмкіндік SMS-төлем кезінде және «Менің Beeline-ым» қосымшасы арқылы тө-

ленгенде, келесі қалалық бағыттарда беріледі: 1, 2, 11, 14, 17, 18.

Төлеу нұсқалары:

1. «Менің Beeline-ым» мобильді қосымшасы: басты бетте «Көлік» бөлімін тандап, көлік кодын енгізу немесе

QR-кодты сканерлеу керек. «Төлеу» пернесін басып, содан билетті алу үшін «Билет алу» пернесін басу керек. Қосымша электронды билет 2505 нөмірінен SMS-хабарлама түрінде келеді.

2. SMS-хабарлама: жолақыны төлеу үшін, көлік коды көрсетілген SMS хабарламаны 2505 нөміріне жіберу қажет. Жауап ретінде қолданушы SMS-хабарлама түріндегі электронды билет алады, оны контролерге көрсетуге болады. SMS жіберу тегін.

Жолақы төлегенде, төнгерімнен жолақы толық ұсталып, бірнеше секундтан соң 10 теңге кэшбэк тенгерімге қайтарылады. Акция бойынша күніне 2 рет жүруге болады. Көлік коды мен QR код автобустардың салонындағы жапсырмаларда.

«Менің Beeline-ым» мобильді қосымшасын алдын ала төлеммен есеп айырысу жүйесінің барлық клиенті Android және iOS мобильді платформа-ларында қол жеткізе алады. Толық ақпарат: www.beeline.kz

Beeline Қазақстан — жарқын жақта өмір сүр!

(Лицензия ҚР Көлік және коммуникация министрлігінен 24.08.1998 жылы ККМ №Д/С 0000317 лицензиясы берілген)

● ПОЛИЦИЯ ХАБАРЛАЙДЫ

Алаяққа алданып қалды

Қызылорда қаласы тұрғынының қалалық полиция басқармасы кезекші бөліміне арыздануы нәтижесінде алаяқтық фактісімен 28 жастағы күдікті ұсталды.

Тексеру барысында мамыр айында шағымданушының сеніміне кіріп, жұмысқа орналастырамын, сондай-ақ қолжетімді бағамна баспана сатып алуға көмектесемін, туысының университетке қабылдануына көмек беремін деп алдағаны белгілі болды. Осылайша, күдікті өзінің уәдесерін орындамай, жәбірленушінің 5 245 000 теңге ақшасын иемденген.

– Жәдел іздестіру шаралары барысында бұрын сотты болған, 28 жастағы Қызылорда қаласының тұрғыны ұсталды. Күдіктіге қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабының 3-бөлігіне (ірі мөлшерде жасалған алаяқтық) сәйкес сотқа дейінгі терген-тексеру жүргізілуде, – деп хабарлайды облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Балалар дін аман

Қызылорда қаласы Тасбөгет полиция бөліміне Махамбет ауылы тұрғынынан қамелетке толмаған 13 және 11 жастағы екі баласының ойнауға шығып үйіне оралмағаны жөнінде хабарлама түсті. Жәдел іздестіру шаралары нәтижесінде балалар 3 сағаттың ішінде отбасымен қауышты.

– Жоғалған балаларды іздеу үшін қалалық полиция басқармасы Тасбөгет полиция бөлімінің қызметкерлері жұмылдырылды. Полиция қызметкерлері барлық полиция учаскелеріне бағыт-бағдар беріп, адамдар көп жиналатын орындарды, шатырлар мен қараусыз қалған ғимараттарды тексерді. Полицейлер жүргізілген іздестіру жұмыстары барысында жоғалған балалар 3 сағат ішінде Сырдарияның сол жаға-

лауынан табылып, аман-есен үйіне оралды. Олар бірнеше рет түнгі уақытта заңды өкілсіз тұрғынжайдан тыс жүргендері үшін заңды өкіліне қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабы 3-бөлімі бойынша әкімшілік жағтлама рәсімделіп, шешім қабылдау үшін сотқа жолданды, – деп хабарлайды облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі.

«СБ» ақпарат